

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
депутаттарына**

2025 жылғы 15 ақпандағы № ДС-81 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүгедектігі бар адамдарға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Елімізде 737,4 мың мүгедектігі бар адамдарға мүмкіндіктерді кеңейтуге және қоғамға толыққанды әлеуметтік бейімдеу үшін бірқатар жүйелі және кешенді шаралар қабылдануда.

Ақыл-есі кем мүгедектігі бар балалардың қамқоршыларына 18 жастан асқан соң да жәрдемақы белгілеуге қатысты

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге, мүгедектіктің себебіне қарамастан бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын барлық адамдарға жәрдемақы ай сайын бюджет қаражаты есебінен төленеді (1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде – 74428 теңге).

Бұл шара бірінші топтағы мүгедектігі бар, үнемі басқа адамның қамқорлығы мен күтімін қажет ететін және сыртқа шығуға мүмкіндігі жоқ адамдарды қамтуға бағытталған (коматозды және вегетативті жағдайда, ауыр психикалық бұзылулары бар және т.б.).

Мемлекет Басшысының тапсырмасы аясында 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) қабылданды.

Тұжырымдамаға сәйкес 2025-2027 жылдар аралығында үлгілік жобалау-сметалық құжаттама негізінде, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдана отырып, оңалту орталықтарының құрылысы қаралған.

Қазіргі уақытта елімізде мүгедектігі бар адамдар үшін 4 жаңа заманауи оңалту орталықтары (Семей, Тараз, Кентау, Орал) және аутизм спектрі бұзылған және басқа да менталды ауытқулары бар балалар үшін 7 күндізгі болу бөлімдері (Шымкент, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Тараз, Қостанай, Ақтөбе) ашылды.

Оларды ашу мақсаты - ақыл-есі кем мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан жастарға арналған қажетті арнаулы әлеуметтік көмек, емдеу және оңалту

шаралары көрсетіледі. Сонымен қатар, олардың ата-аналарына бір мезгіл демалуға мүмкіндік туғызу.

18 жастан асқан жастардың қамқоршыларына жәрдемақы төлеу мәселесі бюджеттен қосымша қаржыландыруды қажет етеді.

Туғаннан ақыл-есі кем балаларға бірден 1 топ мүгедектігін беруге қатысты

Мүгедектікті белгілеу Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларымен¹ реттелген (*бұдан әрі – Ереже*).

Ережеге сәйкес мүгедектікті белгілеу диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларының кешенін жүргізгеннен (*организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын*) кейін медициналық ұйымның жолдамасы негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте балаларға жеті жасқа дейін «мүгедектігі бар бала» санаты, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі адамға «бірінші топтағы мүгедектігі бар бала», «екінші топтағы мүгедектігі бар бала», «үшінші топтағы мүгедектігі бар бала» санаттары белгіленеді.

Бала организмінде психикалық функциялар (*аңғару, зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу, эмоциялар, жігер, парасат, сана, мінез-құлық, психомоторлық функциялар*) біртіндеп дамып, әр түрлі кезеңдерде жетіледі. Атап айтқанда, сөйлеудің қарқынды дамуы 5 жасқа дейін жүреді, зейін мен есте сақтау қызметі 6-7 жаста дамиды, ал мінез-құлықтың толық жетілуі шамамен 18 жаста аяқталады.

Осыған орай, ақыл-есі кем балаларға көрсетілген жасқа толған кезде ғана білінетін психикалық бұзылу дәрежесінің анықталуына қарай мүгедектік тобы белгіленеді.

Ақыл-есінде кемшілігі бар 2-3-топ мүгедектігі бар адамдарға арнайы инвентакси қызметін белгілеуге қатысты

Қазіргі таңда инвентакси қызметі жергілікті атқарушы органдарымен бекітілген Ережелерге² сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл саланы жетілдіру мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі инвентакси қызметін көрсетуге қатысты Заң жобасын әзірледі. Оның ерекшелігі - инвентакси қызметтерін Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүзеге асыру (*мүгедектігі бар адамның тұрғылықты жері бойынша өнім берушілер болмаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады*).

Сондай-ақ, инвентакси қызметін көрсетуге қатысты қосымша туындаған мәселелер заңнан туындайтын нормативтік құқықтық актілерде көзделетін болады.

Аталған Заң жобасы орталық мемлекеттік органдардың қатысуымен 2025 жылғы 12 ақпанда Парламенті Мәжілісінің отырысында қаралды.

Мүдделі мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасау бойынша жүйелі түрде жұмыстарды жалғастыруда.

Е. Көшербаев

¹ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы

² «Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығы